

ЖЕГІҚҰРТ

Қоғам кеселмен күрес – ортақ міндет

Әділдік пен адалдық – қоғамның берік тірегі, ел дамуының негізгі кепілі. Алайда осы құндылықтарға ең үлкен қауіп төндіретін құбылыс бар. Ол – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлық – қызметін пайдаланып, жеке пайда табу, пара алу немесе беру арқылы әділеттілікті бұзу. Мұндай әрекеттер адалдық пен әділдік қағидаларын жоққа шығарады. Нәтижесінде қоғамда сенім азайып, адамдар арасында теңсіздік пайда болады.

Жемқорлықтың ең үлкен зияны – әділдіктің жойылуы. Еңбек етіп, білімнен жетістікке жету орнына, кейбір адамдар пара арқылы өз мақсатына жетуге тырысады. Бұл адал еңбекке деген сенімді әлсіретеді. Сонымен қатар, жемқорлық экономиканың дамуына да кері әсер етеді. Қаражат дұрыс бөлінбей, маңызды жобалар толық жүзеге аспай қалады.

Тағы бір зияны – халықтың мемлекетке деген сенімінің төмендеуі. Егер адамдар заң бәріне бірдей жұмыс



істемейді деп ойласа, онда қоғамда тәртіп те әлсірейді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелердің көбеюіне әкеледі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – әр азаматтың міндеті. Әр адам адалдықты ту етіп, әділдікті қолдаса ғана бұл індеттің алдын алуға болады. Жастарды дұрыс тәрбиелеу, заңды құрметтеу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау – жемқорлықсыз қоғам

құрудың басты жолы.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – әділдік пен адалдыққа қарсы келетін қауіпті құбылыс. Онымен күресу арқылы ғана біз әділ қоғам қалыптастырып, жарқын болашаққа қадам жасай аламыз.

А.ЖАНАЕВА,
аудандық мемлекеттік
қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашы

ЖӘРМӨҢКЕ

Жұмыс – бізден, таңдау – сізден!

Аудандық мансап және жастар ресурстық орталығының ұйым-дастыруымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Аталған шара жұмыс іздеп жүрген азаматтарға нақты бағыт-бағдар беріп, оларды тұрақты еңбекке тартуды көздейді.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне аудан аумағындағы түрлі мекемелер мен кәсіпорындар қатысып, жалпы саны 11 бос жұмыс орны ұсынылды. Оның қатарында әртүрлі салаларды қамтитын мамандықтар болды. Бұл өз кезегінде қатысушыларға таңдау жасауға және өз қабілетіне сай қызмет табуға жол ашты.

Аталмыш шара барысында жұмыс іздеуші азаматтар жұмыс берушілермен тікелей жүздесіп, сұхбаттасу мүмкіндігіне ие болды. Олар өздерін

қызықтырған сұрақтарын қойып, еңбек шарттары, жалақы көлемі мен жұмыс кестесі жөнінде толық мәлімет алды. Мұндай бетпе-бет кездесу екі тарап үшін де тиімді, себебі, жұмыс беруші үміткердің кәсіби деңгейін бірден бағалай алса, ал жұмыс іздеуші өз мүмкіндігін нақты көрсете алады.

Сонымен қатар шара аясында мамандар тарапынан кеңес беру жұмыстары да ұйымдастырылды. Қатысушыларға жұмысқа орналасу жолдары, түйіндемелі

дұрыс құрастыру, сұхбаттан сәтті өту тәсілдері мен кәсіби бағдар беру бағытында жан-жақты ақпарат ұсынылды. Әсіресе, жастар үшін бос кеңестердің маңызы зор, себебі, еңбек жоюын енді бастаған жас буын үшін дұрыс бағыт таңдау – болашақ табыстың кепілі.

Мамандардың айтуынша, мұндай жәрмеңкелер тек жұмыс табуға ғана емес, азаматтардың еңбек нарығына бейімделуіне де оң әсер етеді. Әрбір қатысушы өзіне қажетті ақпарат алып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сонымен қатар бұл бастама жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, халықтың алауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Ш.ТӨЛЕГЕНОВА

САҚТЫҚ

Орман-тоғайдың жауы – өрт

Көктем мезгілі келіп, табиғат тіршілігі қайта жанданды. Дала көкжасыл кілемге оранып, орман-тоғайлар бүршік жарып, құстардың әсем үнімен толыға түседі. Осындай тамаша уақытта адамдар да табиғат аясында серуендеп, тынығуға асығады.



Алайда демалыс барысында өрт қауіпсіздігін сақтау – әр азаматтың басты міндеті. Табиғат аясында өрт жағып, ас әзірлеу қалыпты жағдай болғанымен, оның салдарына немқұрайлы қарауға болмайды. Демалыс аяқтаған соң ошақтағы өрт толық сөндіріліп, қоламтасы топырақпен мұқият жабылуы тиіс.

Қазіргі таңда тоғайларда ылағалдың аздығынан құраған ағаштар мен құрғақ шөптер көбейген. Мұндай ортада өрт тез тұтанып, әп-сәтте үлкен өртке ұласуы мүмкін. Сондықтан өрт жағатын орынды алдын ала тазалап, жанғыш заттардан арылту қажет. Тоғай өрті – аса қауіпті апат. Әсіресе елсіз жерлерде өрт дер кезінде байқалмай, кең аумақты шарпып үлгереді. Тиісті қызметтер жеткенше табиғатқа орасан зиян келіп, орман-

тоғай, жан-жануарлар зардап шегеді.

Орман-тоғай – елдің табиғи байлығы. Ол ауаны тазартып, экологиялық тепе-теңдікті сақтайды. Сонымен қатар аң-құсқа мекен, адамға демалыс орны. Өрттен кейін тоғай тіршілігі бұзылып, жануарлар басқа жаққа ауып кетеді. Жайық бойындағы жасыл тоғай – өңір тұрғындары үшін баға жетпес қазына. Сондықтан табиғатты қорғау, оның ішінде өрттің алдын алу – баршамызға ортақ міндет. «Қолда бар алтынның қадірін білейік» десек, табиғатқа жанашырлықпен қарап, сақтық шараларын қатаң ұстануымыз қажет.

А.НҮРҒАЛИЕВ,
«Махамбет орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме» КММ өрт сөндіру станциясының басшысы

Махамбет аудандық мәслихатының кезекті 44-сессиясына шақыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 10, 19 баптарына сәйкес аудандық мәслихаттың төрағасы мәслихаттың кезекті 44-сессиясын 2026 жылдың 18 мамыр күні сағат 15:00-де аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залына шақыру туралы шешім қабылдады.

44-сессиясы төмендегідей күн тәртібімен шақырылады:

1. Аудан бюджетінің 2025 жылға атқарылуы жөніндегі есебін бекіту туралы

Хабарламашы: Қабдолова Ажар Серікқалиқызы - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

2. «Махамбет ауданы бюджетінің 2025 жылға атқарылуы туралы» Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының есебі туралы

Хабарламашы: Бисембиев Нұрсұлтан Орақұлы - Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі

3. Ауданда салық түсімдерінің орындалысы туралы

Хабарламашы: Жұмағалиев Нұрлан Гейдарович - аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы

4. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері шеңберінде ауыл шаруашылығы саласы бойынша белгіленген индикаторларының орындалысы туралы

Хабарламашы: Мырзабаев Олжас Нұртасұлы - аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы

5. Басқа да мәселелер.

ҚАПЕРГЕ!

Жолаушыларды тасымалдау қызметінің құқығына конкурс жариялайды

Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі ауылшілік маршрут бойынша автокөлікпен жолаушыларды тасымалдау қызметінің құқығына конкурс жариялайды.

Конкурс Махамбет ауылы, А.Құнанбаев көшесі, №16 үй, аудан әкімшілігі ғимаратының кіші мәжіліс залында 2026 жылғы 12 маусым күні сағат 9.00-де өтеді.

Конкурсқа төмендегідей маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

1 пакет. Шаттық м/а – Д. Төленов мектебі. Осы маршрутқа қарсы бағытта екінші автобус жүреді.

Конкурсстық ұсыныстар комиссиясы конкурс қорытындылары бойынша қатысушыларға бағалауды жүргізетін мынадай өлшемдердің жинағын қамтиды:

- Ұсынылатын жылжымалы құрамның, соның ішінде, отандық өндірісті автобустардың, шағын автобустардың маркасы мен саны, меншіктің түрі, пайдалану мерзімі, паспорттық сыйымдылығы.

- Тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі;

- конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан, жылжымалы құрамды сақтауға, техникалық

қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік техникалық базаның (меншікті жалға алынған немесе шарт бойынша қызмет көрсететін) болуы;

- автобустарды, шағын автобустарды маршрут бойынша қозғалыс кезінде оларда ақаулық пайда болған жағдайда ауыстыру бойынша ұсынылатын шаралар жүйесі;

- жолаушылар тасмалын жүзеге асыру бойынша қосымша ұсыныстар. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

Конкурсқа қатысушыға ниет білдіруші Атырау облысы, Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне конкурсстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімі Махамбет ауылы, А.Құнанбаев көшесі, №16, аудан әкімшілік ғимараты, 1 қабат, №15 кеңсе мекен жайы бойынша ұсынуы тиіс.

Конкурс құжаттамаларын қабылдаудың соңғы мерзімі 2026 жылдың 11 маусым сағат 18:30-ға дейін. Анықтама алу үшін телефондар: (871236) 2-14-16.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖАҚ «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В., Қазақстандық филиалы» ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабының талаптарына сәйкес 2026 жылдың 29 маусымында 10 сағат 00 мин. Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бейбарыс а.о., Бейбарыс ауылының «Жас Дәурен» Мәдениет үйінде «КПО Атырау Терминал - КТО» жалғастырушы құбырында мұнайды коммерциялық есепке алу жүйесін орнату» жобалық құжаттамасында (ҚОҚ бөлімі бар жобалық құжаттама, ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарының жобасы) жоспарланған қызметке қатысты қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға өтініш материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ Атырау қаласы Әйтеке би 77 көшесінде орналасқан «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» 8 (7122) 35 45 59 телефон нөмірі, atr.prigoda@atyrau.gov.kz электрондық пошта арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік

сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында және «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайттарында орналастырылады.

Қосымша ақпаратты мына +7 777 797 01 68 телефон нөмірі бойынша алуға болады.

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

• ЖАҚ «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстан филиалы;
• Мекен-жайы: 090300 Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Ақсай қаласы, Өндірістік аймақ, 81Н-ғимарат;

• БСН: 981141001567;

• Электрондық пошта: kro@kro.kz

• Байланыс телефоны: +7 7113362262

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

• «КАСПИЙИНЖИНИРИНГ» ЖШС Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, 47Б

БСН: 020640000946

Электрондық пошта: caspyeng@caspyeng.kz

Байланыс телефоны: +7 (7122) 36-30-10, +7 (7122) 36-29-91.

• «WEST OIL инженерингтік компаниясы» ЖШС

Қазақстан Республикасы, БҚО, Орал қ., Демократиялық к-сі, 7/1.

БСН 010540007809

Электрондық пошта: info@ogs.kz

Байланыс телефоны: +7 (7112) 93-33-25

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АОЗТ «КАРАЧАГАНАК ПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕИТИНГ Б.В. КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 час 00 мин. 29 июня 2026 года по адресу Атырауская область, Махамбетский район, с.о. Бейбарыс, с. Бейбарыс, в Доме культуры «Жас Дәурен» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам заявки на получение экологического разрешения на воздействие в отношении намечаемой деятельности - проектной документации «Установка системы коммерческого учета нефти на соединительном трубопроводе «КПО Атырау Терминал - КТО» (Проектная документация с разделом ООС, проект плана мероприятий по ООС).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области».

Все замечания и/или предложения принимаются не позднее чем за 3 рабочих дня до даты проведения общественных слушаний — через сайт Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области» г. Атырау, ул. Әйтеке би, 77, тел.: 8 (7122) 35 45 59, электронная почта: atr.prigoda@atyrau.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, при-

родного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области».

Дополнительную информацию можно получить по телефону +7 777 797 01 68.

Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности:

• Наименование: АОЗТ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Казахстанский филиал;

• Адрес: 090300 Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, г. Ақсай, Промышленная зона, строение 81Н;

• БИН: 981141001567;

• Электронный адрес: kro@kro.kz

• Контакты: +7 7113362262

Реквизиты и контактные данные разработчика документации объектов государственной экологической экспертизы:

• ТОО КАСПИЙ ИНЖИНИРИНГ Республика Казахстан, г. Атырау, ул. Баймұханова 47Б

БИН: 020640000946

Электронная почта: caspyeng@caspyeng.kz

Контакты: +7 (7122) 36-30-10, +7 (7122) 36-29-91.

• ТОО «Инжиниринговая компания WEST OIL»

Республика Казахстан, г. Уральск, ул. Демократическая 7/1

БИН 010540007809

Электронная почта: info@ogs.kz

Тел.: +7 (7112) 93-33-25

Құрметті оқырмандар!

СІЗДЕРГЕ «ЖАЙЫҚ ШҰҒЫЛАСЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ЖАРНАМА БӨЛІМІ ТӨМЕНДЕП АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНАДЫ:

✓ **Әр аптаның бейсенбі күні жарыққа шығатын аудан айнасы арқылы Сіздер ата-анаңыз, ағайын-туыстарыңыз, дос-жарандарыңыз бен әріптестеріңізді, ұстаздарыңызды туған күндерімен, мерейтойларымен құттықтап, есте қаларлық сый жасасаңыз болады.**

✓ **Мерекелік құттықтаулардан бөлек, өмірден өткен жандардың қаделеріне шақыру, еске алу, қазанама, көңіл айтулар да қабылданады.**

✓ **Сатылымға шығарған қандай да бір мүлкіңіз болса немесе айырбастауды ойлап жүрсеңіз ол туралы газет бетіне тұрақты жариялап отыруға мүмкіндік мол.**

✓ **Бізге құжаттарды жоғалту, жарамсыз деп тану, нотариалды істің ашылуы немесе жабылуы сынды хабарламалар беру де қарастырылған.**

✓ **Сондай-ақ әлдекімге алғыс айтып немесе жеке адам жайында естелік-мақала жариялағым келеді десеңіздер бізге хабарласыңыздар.**

✓ **Барлық ақылы қызмет түрлері бойынша хабарландыруларды газеттің әлеуметтік желідегі парақшаларына да жариялай аласыздар!**

Толығырақ мәліметті жарнама бөлімінің 2-11-34, 8 778 144 88 01 телефон нөмірінен біле аласыздар!